

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛ-ФАРАБИ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ИРАНТАНУ ОРТАЛЫҒЫ, АРАБТАНУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF ORIENTAL STUDIES , FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE
THE AL-FARABI'S RESEARCH CENTER, THE IRANIAN STUDIES CENTER
THE ARABIC STUDIES CENTER



«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»

халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

12-13 желтоқсан 2013 жыл

همایش علمی بین المللی
"میراث ابو نصر فارابی و زمان معاصر"

MATERIALS

of the international scientific-theoretical conference

«ABU NASR AL-FARABI'S LEGACY AND MODERNITY»

December 12-13, 2013 year

أشرف درویش, نشأت بیومی, یاسر الصردی, عز الرجال ابراهیم الفارابی نموذج للتلاقح الثقافي	238
Каримов Б.Р. СИНТЕЗ ОНТОЛОГИЧЕСКИХ КОНЦЕПЦИЙ ФАРАБИ И БЕРУНИ В ЭМАНАЦИОННОЙ КОНЦЕПЦИИ ГЛОБАЛЬНОГО ЭВОЛЮЦИОНИЗМА.	242
د. أحمد السيد محمد أحمد الفارابی نموذج للتلاقح الثقافي والحضاري	246
عبدالرحمن حجازي أثر الفارابي في الفن العربي	252
عماد محمد محمد عبد الوهاب النظرية اللغوية و النحوية عند أبي نصر الفارابي	256
عمر عبد الكريم علي محمد الفارابي بين التأثير والتأثر في كتابه "الحروف"	264
وليد عبد المنعم محمد عيد الشعر عند الفارابي بين المتعة والإفادة والحاكاة	269
Атабай Б.А. ТАДЖИКОВА К.Қ.-ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУШІ.	275
Ахметбекова А.К., Токова Г.Қ. ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ: «АҚЫЛ» ҰҒЫМЫ.	277
Әбелдаев Ж.Ә. ЖҮНІС ӘМІРЕ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ.	281
Жамалова А.А. ИБН БАТТУТАНЫҢ АЛТЫН ОРДАҒА САПАРЫ.	284
Қалиева Ш.С. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ІЛІМІНДЕГІ АРУД МӘСЕЛЕЛЕРІ.	287
Қасабекова Е. ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ «БАҚЫТ ЖОЛЫН СІЛТЕУ» ТРАКТАТЫ.	294
Коңырбай А. Р., Спанкулова Л.С. ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ЭВОЛЮЦИИ ЗАНЯТОСТИ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ.	297
Құдайбергенова Г.Қ. مفهوم نفس در آثار مولوی و شاهکرم	301
Қыдыр Т. «АТАЛАР» ҰРПАҒЫ АТАИ.	305
Қыдырбаев Қ., Инаятулла М. «ӘЛ-АЙН» ЕҢБЕГІНДЕ СӨЗ ҮЛГІЛЕРІН ЖАСАУДАҒЫ ӘЛ-ХАЛИЛДІҢ ҚОПАРУ (ӨРІПТЕРДІҢ ОРНЫН АУЫСТЫРУ) ӘДІСІ.	309

еске алсақ, араб поэтикасына қатысты бұл көзқарасы да оның көпқырлы шығармашылық мұрасының бір-бірімен ішкі мазмұны, қағидалары арқылы тығыз байланысып жатқанына көзімізді жеткізеді.

«Үлкен музыка» кітабында музыка теориясын негіздей отырып, әл-Фараби музыканың риторика мен поэзияның, яғни өнердің диалектикамен байланысты екі түрінің заңдарына бағынатынын атаған. Әуен – музыкалық категория, ол да метрика сияқты өлшеммен анықталатындықтан математика ғылымымен байланысты. Осы себепке сай бұл ғылымдарды әл-Фараби туыс ғылымдар деп қарастырды және өзі сол ғылымдардың барлығын зерттеп, зерделей келе араб-мұсылман Шығысында ғылыми ахуал қалыптастырған іргелі шығармаларын қалдырды, ал ол еңбектер кейін Еуропа ғылыми ойының қалыптасуына ықпал етуі арқылы бүкіл әлемге тарады.

Әл-Фарабидің «Поэзия (өнері) жайлы» трактатының мазмұнымен жақын танысу оған қатысты мына мәселелерді болжауға мүмкіндік береді:

- поэзияға қойылатын талаптар алдымен оның формасына, ішкі және сыртқы тәртібіне қатысты мәселелерді қамтиды. Яғни поэзияның мазмұнын түсіну үшін оның сыртқы белгілерінің үлкен мәнге ие екені тұжырымдалады;

- араб өлең өлшемі жайлы терминдерді қолданысынан әл-Фарабидің аруд теориясын терең зерттеп, танығаны көрінеді;

- араб поэтикасына қатысты тұжырымдары оның эстетика жайлы теориясының құрамдас элементі саналады;

- әл-Фарабидің араб поэтикасына қатысты тұжырымдары оның музыка жайлы теориясымен сабақтас;

- поэзия тіліндегі сөздердің мағынасына философия тұрғыдан қарай отырып «Еліктеу теориясына» аса жоғары мән береді;

- араб поэтикасын Шығыс ғұламасы философия, логика ілімдерімен тығыз байланыста қарастырады;

- әл-Фарабидің араб поэзиясының формасына қатысты тұжырымдары оның поэзияның мазмұны жайлы көзқарасын зерттеуді қажет етеді.

Әл-Фарабидің «Поэзия (өнері) жайлы» трактаты оның осы жанрға қатысты «Өлең өнерінің қағидалары туралы» трактатымен тақырыбы ұқсас болғанмен, одан зерттеу нысаны бөлек, материалы басқа, мазмұны дербес ғылыми шығарма. Алғашқы трактат араб поэзиясына, ал кейінгісі жалпы поэзия тақырыбына арналған. Себебі, «Өлең өнерінің қағидалары туралы» трактат – Аристотельдің «Поэтикасына» комментарий.

1. Дербісәлиев Ә. Әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты» // «Сөзстан». – Алматы: Жалын, 1980 ж. 8-14 бб.
2. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: 1995.
3. Әбу Насыр әл-Фараби. *Джауами'у аш-ши'р* // («Талхису Китабин ли-Аристоталис ли-Ибн Рушди». Әл-Қаһира: әл-Мәджлис әл-А'ла ли-шууни-исламийа. 1971.
4. Әбу Насыр әл-Фараби. *Қауанину сина'ати аш-ши'р* // Абд-ар-Рахман Бәдәуи. «Фәнну-ш-ши'р». Әл-Қаһира: әл-Мәктәбату-л-мысрийа - 1953.
5. Аль-Фараби. Избранные трактаты. Алматы: Ғылым, 1994.

Е. Қасабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ «БАҚЫТ ЖОЛЫН СІЛТЕУ» ТРАКТАТЫ

Статья написана на тему аль-Фараби его трактат «Указание путей счастья». В статье рассматривается творчество и наследия великого философа и его великий труд на тему «Указание путей счастья»

Ключевые слова: философ, ученый, счастье, направлять, город.

Article is written on al-Farabi his treatise "Indication of Ways of Happiness". In article creativity and heritages of the great philosopher and his great work on the subject "Indication of Ways of Happiness" is considered

Key words: philosopher, scholar, happiness, to give a way, city.

Шығыстың ұлы ғұламасы, ойшылы, философы, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанған Әбу Насыр әл-Фараби Отырар қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан деген дерек

бар, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс езенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Үзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Үзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері — қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырарға орта ғасыр ғалымдарының көп назар аударғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Ғалымдардың айтуынша, Отырар қаласы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары, қырдағы көшпелілер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған.

Әл-Фарабидің Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұскасынан танысқаны жөнінде деректер бар. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) "болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толықтырады. Көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абы-рой-беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, күндей бастаған, әсіресе, олар әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып білуге, адам бақытын о дүниеден емес, бұ дүниеден іздеп табуға мегзейтін еді. Ақыр сонында әл-Фараби лажсыздан Бағдадтан кетеді. Өзінің "Фу-сул ал-мадани" (Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері) деген соңғы шығармасында ол: адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылыми өркен жайған елде тұруға тиіс дейді. Әл-Фараби өмірін александриялық (мысырлық) ғалымдар, яғни бір кезде Александриядан ығыстырылған несторианшыл христиандар тұратын Дамаскіде өткізеді. Мұнда ол солтүстік Сирияның жетекші саяси қайраткері Сейд ад-Дуаль Хамданиге аса қадірлі болды. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында қайтыс болады. Біздің заманға әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден бері жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері орасан зор. "Мұсылман Ренессансы" деген атауға ие болған сол заманға тән белгілері оның шығармаларынан белгілі бір дәрежеде өз орнын алды. Әл-Фарабидің шығармаларында антик замандағы дәстүрдің жөнә "Бірінші ұстаз" деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарихтың барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің, несторианшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым тандап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ, біз үшін ерекше бағалы жағы сол, ол Аристотель ілімінің формальдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының іргетасы болып табылатынын дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика" мен "Софистикасына" түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды. [<http://www.kitaphana.kz/ru/downloads/referatupa-kazakskom/231-kazak-adebieti/2582-al-farabi.html>] 1

Сонымен қатар, Әбу Насыр әл-Фараби - ұлы энциклопедист ғалым, астролог, музыка теоретигідеген деректер де бар және ол әскербасының отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шам, Самарқан, Бұқара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алған. Ол түркі ойшылдарының ең атақтысы, әлемдегі екінші ұстаз атанған ғұлама. Оның заманы "Жібек жолы" бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Орта Азия, Парсы, Иран, араб елдері қалаларына

жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейген ол көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасады. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл. Философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 164 трактат жазып қалдырды деген деректер бар. Адамның өз болмысын өзі танып-білуіне философиялық тұжырымдар жасаған. Бұл мәселені логика, этика, педагогика тұрғысынан кеңінен саралап, өзара сабақтастықта қарастырады. Ол рухани бастауларды жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қанағаттанудан, бақыттан іздестірді. “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері” және т.б. еңбектері бар. «Ғылымдардың шығуы» деп аталатын трактатында математиканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады. Астрономияға байланысты еңбектеріне “Алжебрге түсініктеме”, “Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғи сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабын” жатқызуға болады. Арифметика саласында “Теориялық арифметикаға қысқаша кіріспе”, физика саласында “Вакуум туралы”, медицина саласында “Адам ағзалары жөніндегі Аристотельмен алшақтығы жөнінде Галенге қарсы жазылған трактат”, музыкаға байланысты “Музыканың ұлы кітабы” еңбектері әлемді мойындатқан дүниелер [<http://www.zharar.com/kz/referat/1528-farabi.html>]2

Ұлы ғұлама философ әл-Фарабидің «Бақыт жолын сілтеу» трактатына келер болсақ, ғұламаның айтқан, жазған ойлары жылдар өтсе де ескірмеген, сол түсінікте, дәл сондай тұжырыммен қалғаны және актуалды, таңқаларлық жәйт деп те айтуға болады. Философтың пайымы бойынша бақытты болудың арнайы бір жолы, формуласы, рецепті жоқ дегенмен де төмендегі ұйғарымдарды ұстанып бақытты болуға болады дейді.

Әл-Фараби түсінігінде бақытты болғысы келген адам адамзат баласының басынан кешетін барлық эмоциялық жәйттар мен «жан аффектілерін» өткеру қажет. Себебі жақсылық пен жамандықты қатар сезінбей адам бақытты болуы мүмкін емес деп ұйғарады философ - ғалым.

Денсаулық, аурушандық, жақсылық жамандық, жан әдемілігі мен сұрықсыздығы, мақтануға тұрарлық істер мен даттайтын істер, өмір мен өлім, ақыл, парасат пен санасыздық, ұйқы мен көңіл ояулығы, нәпсі, ауру сезіну, жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттер, достық ілтипат пен сатқындық, рахат сезімі мен азап, білім мен білімсіздік, логика, жоқшылық пен баршылық, мақсат көздеу, мақсатсыз жүру осы сияқты дүниелер бақыттың құрамдас бөлігі болып саналады дейді Әл-Фараби.

Бақытты болу жолында адамзат баласы жоғарыда айтылған нәрселердің бәрін өзінің ой парасатымен жеткілікті мөлшерде қолданса бақытты болудың алғы шарттардың бірі болып саналады. Яғни әл-Фараби сол заманның өзінде артық деген нәрсені жете түсініп өз трактатында мөлшер деген дүниенің бар екенін анық түсінген.

Әл-Фарабидің ойынша немесе пайымдауынша ақшаны артық шашу ысырапшылықтың, қатты қысу сараңдықтың белгісі дейді, яғни Әл-Фараби заманындағы сауда және эномикалық қатынастың болғанының дәйегі бола алады. Тұста ғұлама-философ ақшаның бақытты болудағы маңызын айтқысы келгендей яғни қай ғасыр болсын, қай заман болсын ғұламаның бұл тұжырымдары актуалды мәселелердің бірі екеніне көзіміз жетеді.

Фарабидің пайымдауынша әзіл адамзат баласының өмір жасын ұзартатын, жанды рахатқа батыратын дүние дейдің әйтсе де артық айтылған әзіл мазаққа әкеліп соғады, ал оның жетіспеуі оның жоқтығына әкеліп соғады [3, 18-19].

Жаман мінез-құлық жайында Фараби бұның кесел екенін жазады. Адам мінез құлқы 3 халде болады дейді, бірі орташа, орташадан асыңқы хал немесе орташаға жақын хал дейді. Адамзат ақыл парасатымен өз мінез құлқындағы артық тұстары мен кемшіліктерін жойған да ғана бір жетістікке жетеді деп пайымдайды.

Өнер жайында бірі ақшалай пайда әкелетін, екіншісі табиғи әдемілік көркемдікке ие деп екіге бөліп деп жазады әл-Фараби. Бұл адамның өзін өзі ұстау, жүріс тұрысын сипаттайтын өнер жатады дейді. Ал жалпы бар өнер атаулының мақсаты не тамаша көркемдікке ие болу не пайдаға ие болу болып табылады дейді [4, 34-35].

Шығыстың ұлы ғұламасы әл-Фараби артық салмақ пен аз салмақтың кері әсерлері бар екенін, және оны болдырмауға адамзаттың күш салуы қажет екенін жақсы түсінген және өз трактатында пайдаланған.

Ұлы философтың тұжырымында бұл өмірде өзін –өзі тапқан, алланың берген ырызғысын пайдала алған, өмірде өз жолын тапқан адам бақытты бола алады.

Сонымен мақаланы қорытындылай келе, Фараби айтқан тұжырымдардың біздің заманымызға лайық және барлық жағынан сәйкес екеніне көзіміз жетеді. Яғни біреулер үшін тойып тамақ ішкен

бақыт, біреулер үшін, ана болу бақыт, біреулер үшін отбасымен шәй ішу бақыт ал кейбіреулерді ешнәрсе бақытқа кенелтпейді. Бақыт деген ұғымның бір ғана нәрсемен өлшенбейтінін оның адамға тән бірнеше ортақ қасиеттер мен эмоциялардың қосындысынан туындайтын жәйт екеніне көз жеткізуге болады. Бақыт деген ұғымды әр адам әр түрлі түсінетіне және әр адам үшін бақыт әр түрлі екеніне дауымыз жоқ дей келе мақаланы қазақтың ұлы ақыны Мұқағалидің мына шумақтарымен аяқтағымыз келеді.

Бақыт деген сенің бала күндерің
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақытын да басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның күлгенің.
Бақыт жайлы менің мынау білгенім
Бақыт деген бірде шаттық бірде мұң.
Бақытты сол-тәрік етіп түндерін
Бақыт іздеп азаптанса кімде кім.

1. [<http://www.kitaphana.kz/ru/downloads/referatu-na-kazakskom/231-kazak-adebieti/2582-al-farabi.html>]
2. [<http://www.zharar.com/kz/referat/1528-farabi.html>]
3. [Әл-Фараби.Әлеуметтік-этикалық тракттар, «Бақыт жолын сілтеу» 18-19] 3
4. [Әл-Фараби.Әлеуметтік-этикалық тракттар, «Бақыт жолын сілтеу» 34-35] 4
5. http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn_olengderi&olenid=2140&akyn_id=7]

А. Р. Коңырбай, Л.С. Спанкулова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ЭВОЛЮЦИИ ЗАНЯТОСТИ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ

Бұл мақалада бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамындағы гендерлік теңдік мәселесі мен оған жетудегі атқарылып жатқан саясат пен оның даму кезеңдері қарастырылды.

Түйін сөздер: гендерлік теңдік, саясат, тарихи эволюция.

At the present stage of social modernization of Kazakhstan gender policy acts as a category of political analysis. Gender system is considered as a set of relationships between women and men, who have their own formal and informal rules and norms to be determined objectives, place, and situation of both sexes in society.

Key words: gender equality, policy, historical evolution.

На современном этапе социальной модернизации Казахстана гендерная политика выступает определенной категорией политического анализа. Гендерная система рассматривается как совокупность отношений между женщинами и мужчинами, которые имеют свои формальные и неформальные правила и нормы, определяемые целями, местом и положением обоих полов в обществе. Необходимо отметить, что государственная гендерная политика является последовательной системой мер, которые направлены на создание, развитие и защиту равноправия между мужчинами и женщинами. Такая политика должна выражаться в конкретных результатах.

В Казахстане женщин в 2012 году было на 592 тысяч больше, чем мужчин. Не смотря на то, что доля женщин в общей численности населения несколько превышает численности мужчин (доля женщин составляет 51,75%), вклад женщин в формирование ВВП достаточно низок по сравнению с вкладом мужчин [1]. Это связано с довольно низким уровнем экономической активности женщин по сравнению с мужчинами. С 2006 года данный показатель имеет уверенную тенденцию роста. В 2005 году женщины произвели национального продукта на общую сумму 2,755 трлн. тенге, мужчины – 4,835 трлн. тенге. Тем самым на женщин пришлось 36,3% ВВП, на мужчин – 63,7% ВВП. В 2001 году уровень экономической активности у женщин была намного больше, чем у мужчин в 2012 году (на 3,1%). Изменение уровня занятости мужчин и женщин шло в противоположных направлениях. При